

ЖАС ЖҰБАНОВШЫ

Әмірхан Оразбаев
Zhubanov University
Кәсіби-шығармашылық факультетінің "Музыкалық білім беру" мамандығының 3-курс студенті

— Көпбалалы отбасында өсіп, ержеттім. Бала кезімнен өн айтуға қабілетімді көргесін анам музыкалық мектепке берген. Кәсіби музыкалық білім ала жүріп, түрлі конкурстарға шығып, талай рет жеңімпаз атандым. Осылайша менің болашаққа жолым анық еді. 11-сыныпты бітірген соң, ҰБТ тапсырып, батыс өңірі бойынша ірі университет — Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-ге оқуға түстім. Бұл жоғары оқу орнында оқып жатқаныма қуаныштымын. Университетке келгесін түрлі аспаптарда ойнауды үйрендім. Ендігі мақсатым — оқуымды бітіріп, шәкірт тәрбиелеу.

Наурыз мейрамы, жалпы барлық мейрам өнер адамына ерекше, өйткені халыққа мерекелік көңіл-күй сыйлау бір ғанибет есер.

Баршаңызды жас жұбановшылар атынан Жыл басы — Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Берекелі де мерекелі, сәтті жыл болсын!

**МЕРЕКЕЛІК
ҚҰТТЫҚТАУ
КОНЦЕРТІ**

4-5-БЕТТЕР

**ДЕБАТҚА
КЕЛУ ҮШІН
БАТЫЛДЫҚ
ҚАЖЕТ**

6-БЕТ

**КӘСІБИМЕ
ДӘН
РИЗАМЫН**

12-13-БЕТТЕР

**ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙ
ТАҚЫРЫПТАРЫ
ТАЛҚЫЛАНДЫ**

16-БЕТ





✓ National qurultay

Ұлттық құрылтай — ашық диалог алаңы, қоғамдық пікірлерді алға жылжытудың негізгі тірегі.

Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында төрт бағытты қамтитын шағын секциялық жиындар өтті. Құрылтай мүшелері көтерген мәселелер мен айтқан ұсыныстар пысықталды. Әрі алдағы кезеңде атқарылатын іс-шаралар жоспарына енгізілді.

Еліміздің әр аймағынан жиналған түрлі саланың өкілдері, құрылтай мүшелері өткен отырыстардағы мәселелерді талдап, болашаққа бағдар жасады.

Бұған дейін Ұлытауда өткен алғашқы жиында 42, Түркістанда — 106 ұсыныс түскен. Атырауда өткен басқосуда 149 бастама көтеріліп, 9 заң қабылданды. Оның ішінде әйел құқығы мен бала қауіпсіздігі, вейп саудасына тыйым салу, вандализм мен ойын бизнесін шектеу туралы құжат бар. Бурабай бауырында да 4 бағыт, 4 тақырып бойынша, мәдениет пен руханият, азаматтық қоғам, білім және ғылым, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланды. Жалпы саны 120-дан аса бастама көтерілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бурабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда осыдан үш жыл бұрын наурыз айында жариялаған Жолдауына сай жүргізілген қоғамдық-саяси реформаларға тоқталып, ел ішіндегі оң өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосқанын атап өтті.

IV Ұлттық құрылтайға құрылтай мүшесі, Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова қатысып, Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында пікірімен бөлісті.

IV Ұлттық құрылтай

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысы екі күнге созылды. Ондағы кездесулерде еліміздің алдағы уақыттағы даму бағыттарын анықтайтын өзекті мәселелер ортаға салынды.

Мемлекет басшысы ғылым-білім, жастар тәрбиесіне қатысты маңызды мәселелерді көтерді. Атап айтқанда:

«Әр азамат мына бір қарапайым қағидадан терең ұғынуға тиіс: бір орында тұрып қалмай, үнемі өзін жетілдіре білген адам міндетті түрде табысқа жетеді. Бәсекеге қабілетті ұлт дегеніміз — осы».

«Адамға салынған инвестиция — мемлекеттің ең сенімді әрі дұрыс салымы. Біз білім-ғылым, медицина, спорт, креативті индустрия салаларына қомақты қаржы бөлуді жалғастыра береміз. Азаматтардың өзін жан-жақты дамыту үшін барлық жағдайды жасаймыз. Себебі қазіргі заманда жекелеген адамдардың табысты болып, бақуатты өмір сүруі нағыз қуатты мемлекеттің көрсеткіші саналады».

«Біздің ұлтымыздың арман-мұраты Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Қуатты Қазақстанды құру идеясынан бастау алады. Біз баршаға және әркімге зор мүмкіндік беретін мемлекет құрып жатырмыз. Бұл — әр азамат өз қабілетін шыңдап, адал еңбегімен отбасын асырай алатын ел болу деген сөз».

«Заң және тәртіп — біздің мызғымас тұғырымыз. Бұл, ең алдымен, еліміздің әр азаматына және барша халқымызға ортақ тәртіп. Ал біздің идеологиямыз — қарапайым әрі түсінікті. Бұл — жаһандағы аса күрделі геосаяси ахуалда елімізді жаңа даму деңгейіне көтеру үшін берік не-

гіз қалау деген сөз. Мемлекетіміздің тағдыры мен ұлтымыздың берекелі өмірі осыған тікелей байланысты».

Ұлттық құрылтайда сондай-ақ әйелдер мен балаларды қорғау мәселесі көтерілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға ерекше назар аударып, осы бағыттағы маңызды мәселелерді көтерді.

Президенттің айтуынша, еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаты — сотталған азаматтарды жазалау емес, оларды түзету болуы тиіс. Осы орайда, кәмелетке толмаған баласы бар әйелдерге қатысты кейбір заңдық ұстанымдарды қайта қарау қажеттігі айтылды. Жүкті әйелдер мен балалары бар сотталған аналардың жағдайын жақсарту — адамгершілік тұрғысынан да, қоғамның даму деңгейі тұрғысынан да өзекті мәселе. Мемлекет басшысы құқық қорғау органдары мен депутаттарға бұл мәселені жан-

жақты зерттеп, нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Сонымен бірге биыл балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау және өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу жөніндегі жоспардың мерзімі аяқталатыны айтылды. Осы бағытта айтарлықтай ілгерілеу болғанымен, тұрмыстық зорлық-зомбылық әлі де түбегейлі жойылған жоқ. Әсіресе шалғай ауылдар мен жат діни ағымдардың ықпалындағы отбасыларда жағдай күрделі болып отыр. Президент бұл мәселеге жергілікті билік пен қоғам белсенділерінің белсенді араласуы қажет екенін айтты.

Әйелдер мен балаларды қорғау жүйесін тиімді ету үшін қазіргі уақытта әртүрлі құжаттармен реттеліп келген нормаларды бір арнаға тоғыстыру ұсынылды. Осы мақсатта «Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама қабылдау қажеттігі айтылды. Бұл бағдарлама білім мен тәрбиені қатар алып жүретін, озық

ойлы ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған маңызды құжат болмақ. Президент бұл бастаманы жүзеге асыру үшін Үкімет, Парламент депутаттары, омбудсмен Динара Зәкиева мен қоғам қайраткерлерінің белсене қатысуы қажет екенін атап өтті.

Сонымен қатар, мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынғаны және оның алдағы уақытта мемлекеттік қана емес, жекеменшік мектептерде де енгізілуі тиіс екені айтылды. Тәрбиесіз білімнің берері аз екенін ескерсек, бұл бастама жас ұрпақтың ұлттық құндылықтар мен адамгершілік негізінде тәрбиеленуіне мүмкіндік береді. Құрылтай мүшелері бұл бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынды.

Балалардың қауіпсіздігі де басты назарда. Президент жаңа оқу жылына дейін мемлекеттік және жекеменшік мектептердің барлығы қауіпсіздікке қажетті арнайы құралдармен жабдықталуы тиіс екенін айтты. Бұл — әр балаға қамқорлық пен олардың болашағына деген зор жауапкершіліктің белгісі.

Бурабайда өткен Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысы ұлттық киімдеріміздің маңызын, әсіресе, әйелдердің дәстүрлі киімі өте ғажай көрінетіндігін атап өтіп, оны жан-жақты дәріптеуге шақырды.

Ұлттық киім бұл — біздің бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды көрінісі.

Наурызнамадағы «Ұлттық киім күні» қоғамның зор қолдауына ие екенін, түрлі мекемелерде ұлттық киімге мән беріле бастағанын айтты.

Осы орайда, университетіміздің ұжымы және студенттеріміз Наурызнама аясында «Ұлттық сезім» дәстүрін жалғастырып келеді. Сол үрдістің көрінісі ретінде Амап мерекесі тойланып, университеттің Бас оқу ғимараты алдындағы алаңда 500-ге жуық студент «Қара жорға» биін биледі.



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

«ҒЫЛЫМҒА ҚАДАМ»
ЖОБАСЫ

Ақтөбеде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының бастамасымен «Ғылымға қадам» жобасы басталды.

Бұл жөнінде «Осыдан 1 ай бұрын жоба жөнінде хабарландыру беріліп, сауалнама жауаптары негізінде 35 үміткердің ішінен 20 әйел таңдап алынды.

Жоба үзіліс немесе бала күтімінен кейін академиядан қол үзіп қалған аруларға ғылымға қадам басуына қолдау көрсетуге бағытталған.

Мемлекет басшысының қолдауымен ғылымды қаржыландыру айтарлықтай артып, ғалымдарды ынталандыруға үлкен мүмкіндіктер пайда болды. Ғылым өте тартымды салаға айналады.

ҚР Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту бойынша жұмыстарды жүй-

үштастыру, кездесетін қиындықтар мен оларды еңсеру тәжірибелерімен бөлісті.

Сонымен қатар, доктор Әміре Жұмағазиев «Докторантура» бағдарламасына түсу талаптарымен таныстырып, сұрақтарға жауап берді», — деді Л.Қарабасова.

Жоба алдағы 4 ай бойы жалғаспақ.

ПРОЕКТ
«ШАГ В НАУКУ»

В Актобе по инициативе Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан стартовал проект «Шаг в науку».

Об этом рассказала ректор Zhubanov University, член Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической работе Лаура Карабасова:

«Месяц назад было подано объявление о проекте и на основании ответов анкет было отобрано 20 женщин из 35 претендентов.

Проект направлен на то, чтобы поддержать женщин, которые после перерыва или

никам будут предложены лекции и практические семинары, которые позволят им ознакомиться с последними тенденциями, инновациями в науке, развить исследовательские навыки и подготовиться к поступлению в докторантуру.

«В числе спикеров первого дня наши коллеги Людмила Мясникова, Айгүлден Тугайбаева, Асель Жакимова и Захира Нугаева. Они поделились своим опытом карьеры в науке, сочетания семьи, материнства и науки, встречающихся трудностей и их преодоления.

Кроме того, доктор Амре Жумагазиев ознакомил с условиями поступления на программу «докторантура» и ответил на вопросы», — сказала Л. Карабасова.

Проект рассчитан на 4 месяца.

THE STEP INTO
SCIENCE PROJECT

The project "Step into Science" was launched in Aktobe on the initiative of the National Commission for Women and Family and Demographic Policy under the President of the Republic of Kazakhstan.

This was stated by Laura Karabasova, rector of Zhubanov University, member of the National Commission for Women and Family and Demographic Work:

"A month ago, an announcement about the project was submitted and 20 women from 35 applicants were selected based on questionnaire responses.

The project aims to support women who have left academic activities after taking a break or parental leave to embark on the path of science.

With the support of the head of state, science funding has increased significantly, and there are great opportunities to stimulate scientists. Science is becoming a very attractive field.

The Chairman of the National Commission for Women and Family and Demographic Affairs of the Republic of Kazakhstan, Aida Balayeva, pays special attention to the systematic organization of work on women's economic empowerment and constantly supports it within the commission. In this regard, we are confident that the participation of women in science will contribute to sustainable economic growth."

The project aims to increase women's access to academic education and scientific career opportunities, as well as create a safe and stimulating environment for professional development.

Among the mentors of the project are scientists from Aktobe Regional University named after K. Zhubanov. Within the framework of the project, participants will be offered lectures and practical seminars that will allow them to get acquainted with the latest trends and innovations in science, develop research skills and prepare for admission to doctoral studies.

"Our colleagues Lyudmila Myasnikova, Aigulden Tugaibayeva, Asel Zhakimova and Zahira Nugaeva are among the speakers of the first day. They shared their experiences of a career in science, combining family, motherhood and science, difficulties encountered and overcoming them.

In addition, Dr. Amre Zhumagaziev familiarized with the conditions of admission to the doctoral program and answered questions," L. Karabasova said.

The project is designed for 4 months.



елі ұйымдастыруға ерекше мән беріп, комиссия аясында да үнемі қолдап келеді. Осы орайда әйелдердің ғылыммен айналысуы тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге өз септігін тигізетініне сеніміміз мол», — деді Zhubanov University ректоры, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық ұлттық комиссия мүшесі Лаура Қарабасова.

Жоба әйелдердің академиялық білім алу және ғылыми мансап жолына түсу мүмкіндіктеріне қол жетімділікті арттыруды, сондай-ақ кәсіби даму жолында қауіпсіз әрі ынталандыратын орта құруды көздейді.

Жобаның тәлімгерлері қатарында еліміздің, оның ішінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің белді ғалымдары бар. Жоба аясында қатысушыларға ғылымдағы соңғы трендтермен, жаңашылдықтармен танысуға, зерттеу дағдыларын дамытуға және докторантураға түсуге дайындалуға мүмкіндік беретін дәрістер мен практикалық семинарлар ұсынады.

«Алғашқы күннің спикерлері қатарында әріптестеріміз — Людмила Мясникова, Айгүлден Тоғайбаева, Әсел Жәкімова және Захира Нугаева өздерінің ғылымдағы мансап жолымен, отбасы, ана болу мен ғылымды

отпуска по уходу за детьми оторвались от академической деятельности, вступить на путь науки.

При поддержке главы государства финансирование науки значительно увеличилось, и появились большие возможности для стимулирования ученых. Наука становится очень привлекательной областью.

Председатель Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической деятельности РК Аида Балаева уделяет особое внимание системной организации работы по расширению экономических возможностей женщин и постоянно поддерживает ее в рамках комиссии. В этой связи мы уверены, что участие женщин в науке будет способствовать обеспечению устойчивого экономического роста».

Проект предусматривает расширение доступа женщин к возможностям получения академического образования и поступления на научный карьерный путь, а также создание безопасной и стимулирующей среды на пути профессионального развития.

В числе наставников проекта — ученые из Актобинского регионального университета имени К.Жубанова. В рамках проекта участ-

☑ March 8th

Жұбановшы аруларды 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік құттықтау концертті өтті. Іс-шара барысында университеттің түрлі саласында қызмет жасайтын 40 әйел Ақтөбе облысы әкімінің, университет ректорының, Атапат партиясының Алғыс хаттарымен марапатталды. Университет басшылығы атынан проректор Рахым Бекназаров құттықтау сөзін арнады. Тарихшы ғалым қызықты статистикалық деректерге сүйене отырып, әлем бойынша, елімізде, университетте әйелдер қауымының басымшылығын ерекше атап өтті. Мысалы, университет білім алушыларының 62 пайызы қыздар, ПОҚ құрамы бойынша да әйелдер басым — 75 пайыз. Міне сондықтан әлемдік деңгейге бет алған университеттің даму динамикасында әйел ғалымдардың, әйел қызметкерлердің, білім алушы қыздардың атқарып отырған ролі маңызды екенін айтқан проректор Бекназаров еселі еңбектеріне табыс тіледі. Жұбановшы арулар ескі, жаңа шлягер әндерден құралған концертті тамашалап, тынықты.

МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТТАР

**Ақтөбе облысы әкімінің
Алғыс хатымен марапатталды**



Исмагилова Марьям Самгалиевна — Ішкі аудит қызметінің жетекшісі

Сейлова Роза Джамбуловна — Физика-математика факультеті, "Математика" кафедрасының доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты

Досанова Бибигуль Бағзалбаевна — Жаратылыстану факультеті, "Химия және химиялық технология" кафедрасының доценті, химия ғылымдарының кандидаты

Турмагамбетова Гүлжайнар Турмагамбетовна — Шетел тілдері факультеті, "Әлем тілдері" кафедрасының аға оқытушысы

Ибраимова Римма Батыровна — Жастар үйінің меңгерушісі

Сатаева Күміс Мұратқызы — Студенттер сарайының кіші қызметкері.

Мерекелік



**Zhubanov University ректоры
Лаура Қарабасованың
Алғыс хатымен марапатталды**

Нұртазина Назгүл Кенжеғалиқызы — Шетел тілдері факультеті, "Әлем тілдері" кафедрасының оқытушысы, магистр

Рысмагамбетова Гүлнара Данағұлқызы — Филология факультеті, "Орыс филологиясы және мәдениетаралық коммуникация" кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызы — Филология факультеті, "Қазақ

әдебиеті" кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Дүйісова Ақгүл Бақытқызы — Жоғары колледж оқытушысы

Құлмағамбетова Жұмажан Қалдығұлқызы — Физика-математика факультеті, "Информатика және ақпараттық технологиялар" кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты

Бисалыева Рахима Нұранияқызы — Жаратылыстану факультеті,



құттықтау концерті



"Биология" кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Исмаилова Бақытгүл Шаймерденқызы — Экономика және құқық факультеті, "Құқықтану" кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

Ниязбаева Айгүл Амангелдіқызы — Экономика және құқық факультеті, "Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг" кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Аманиязова Бағдагүл Айтпайқызы — Тарих факультеті, "Қазақстан Халық Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушысы, магистр

Аликулова Нұрлыгүл Сапақызы — Тарих факультеті, "Тарих және дінтану" кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

Хакимова Зура Адланқызы — Кәсіби-шығармашылық факультеті, "Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі" кафедрасының оқытушысы

Кудасова Гүлмира Жеңісқызы — Кәсіби-шығармашылық факультеті, "Көркем еңбек және дизайн" кафедрасының аға оқытушысы

Таганова Ару Мерекеқызы — Педагогика және білім берудегі менеджмент факультеті, "Психология және арнайы педагогика" ка-

федрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Мейірханова Айдана Асылханқызы — Педагогика және білім берудегі менеджмент факультеті, "Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент" кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Ордабаева Гүлсайра Муайықызы — Техника факультеті, "Көлік техникасы, тасымалды ұйымдастыру және құрылыс" кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Махамбетова Жаңагүл Қарайқызы — Техника факультеті, "Мұнай-газ ісі" кафедрасының аға оқытушысы

Ирманова Айдана Адайқызы — Heriot-Watt University-Ақтөбе кампусының аға оқытушысы, PhD

Бисенова Арайлым Асылбекқызы — Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің бас маманы

Куланова Анар Болатқызы — Академиялық сапаны арттыру департаментінің маманы

Тәліпова Сәнімгүл Жұбатқанқызы — Академиялық сапаны арттыру департаментінің маманы

Айтжанова Айнұр Хабдуалиқызы — Академиялық қызмет департаментінің маманы

Кулмурзина Лида Серікқалиқызы — Академиялық қызмет департаментінің маманы

Толеева Асемгүл Сапарғалиқызы — Бухгалтерлік есеп және есептік департаменті, Тауарлы-материалдық құндылықтардың қозғалысы және есебі секторының меңгерушісі

Кулмагамбетова Динаш Кенжебайқызы — Кітапханалық сервис және даму бөлімінің бас кітапхана-шысы

Кульдеева Гүлбағдат Қалекешқызы — Қосымша білім беру департаментінің маманы

Рышкина Елена Викторовна — Маркетинг және коммуникациялар департаментінің бас маманы

Губайдуллина Қызғалдақ Казкенқызы — Студенттік емхананың шаруашылық медбикесі

Тленбаева Еңлік Нұрланқызы — Шаруашылық бөлімнің бас маманы

Есенғалиева Ақтілек Рысқалиқызы — Шаруашылық бөлімнің кіші қызметкері

Тулемисова Жанна Сұлтанқызы — Мұрағат бөлімінің маманы



Аманат партиясының Алғыс хатымен марапатталды

Изимова Роза Изимовна — Жаратылыстану факультеті, "Биология" кафедрасының доценті, медицина ғылымдарының кандидаты

Толеева Гүлнұр Бахытқалиевна — №3 оқу ғимаратының администраторы

Амангосова Ансаган Муратовна — Ғылыми кітапхана қызметкері

Мужабаяева Нурилан Аязбаевна — Персоналды басқару департаментінің маманы

Искендірова Салтанат Куатовна — филология ғылымдарының кандидаты, доцент (Шетел тілдері факультеті "Шетел филологиясы және аударма ісі" кафедрасы).

Дайындаған Гүлнара Қараша

✓ Best student

"Пікірсайыс — тек сөз өнері ғана емес, логика мен білімнің, алғырлық пен көшбасшылықтың тоғысқан алаңы. Осындай тартысты додаларда өзінің мықтылығын дәлелдеп, республика көлемінде үздік нәтиже көрсетіп жүрген, пікірсайыстың биігін бағындырған жас дарынды дебатар — Алпысбайұлы Биболат.

Жақын арада өткен Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде "Zhalyn CUP V" республикалық турнирінде "Ең үздік спикер" атағын жеңіп алуы — оның нағыз дебат өнерінің шыңына жеткенін дәлелдейді. Бұл марапат — жай ғана атақ емес, ой ұшқырлығының, білім тереңдігінің, табандылықтың нәтижесі.

Ал Биболаттың жетістігі мұнымен шектелмейді. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде өткен республикалық турнирде финалист атанып, 60 мың теңге жүлдені еншіледі. Байғанин ауданында өткен пікірсайыс алааманында жүлделі 3-орынға лайық деп танылып, 100 мың теңге жеңіп алды. Бұл жетістіктер — оның қажырлы еңбегінің, талмай ізденісінің жемісі.

Биболат — өз заманының ойшылы. Ол пікірсайысты жай ғана жарыс ретінде емес, өзін шыңдау, ойын кеңейту, дүниені тану мүмкіндігі ретінде қабылдайды. Оның әрбір дәлелі — сенімді, әрбір сөзі — нық. Ол — болашақтың сөзін сөйлейтін, келер ұрпаққа ой қалдыратын, біліммен, парасатпен жол салатын нағыз зияткер.

Осындай білімді, жан-жақты, көшбасшылық қабілеті жоғары жастар — ел болашағы", — дейді Zhubanov University Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры, қалалық мәслихат депутаты Нарқозы Қартжан.

Алпысбайұлы Биболат университетте "Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі" мамандығының соңғы курсына оқиды. Академиялық білім алуын сәтті аяқтауына тілек білдіре отырып, үздік пікірсайысшыға өзіміз қызыққан бірнеше салауымызды қойған едік.

Өңімені жүргізуші журналист
Гүлнара Қараша

Дебатқа келу үшін батылдық қажет

— Биболат, дебат өнерінің өміріңіздегі орны жайлы айтсаңыз. Бұл — жай қызығушылық па, әлде осы өнер арқылы қоғамдық пікіріңіз бен ойыңызды көпшілікке жеткізу мақсатыңыз ба?

— Дебат — мен үшін жай ғана қызығушылық емес, өмірімнің бір бөлігі. Бұл өнердің маған бергені көп: тек пікірталас жүргізуде ғана емес, сонымен қатар сөздік қорымды байытуды, шешендік шеберлігімді дамытуды, аудиториямен дұрыс байланыс орнатуды, тақырыпты жан-жақты талдап, дұрыс шешім қабылдай білуді — бәрін дебаттан үйрендім десем болады. Сондай-ақ, бұл — өз ойыңды ортаға салып қана қоймай, қоғам үшін маңызды мәселелерді көтеріп, оның шешімін табуға ықпал ететін үлкен өнер. "Жүйелі сөз — киелі сөз" дейді қазақ. Сол жүйені меңгерген адам ғана өз ойын дұрыс жеткізіп, айналасына әсер ете алады.

— Дебатқа келу үшін бойда қандай қабілеттер жиынтығы болуы қажет?

— Дебатқа келу үшін ең алдымен батылдық қажет. Қазақта "Қол бастау қиын ба, сөз бастау қиын ба?" деген сұрақ бар. Шын мәнінде, көпшілік алдында сөз бастау — оңай шаруа емес. Егер ойыңның салмағы болмаса, сөзің өтпейді, ал сөзің өтпесе, сені ешкім тыңдамайды. Сондықтан шешен болу үшін терең білім, жүйелі ойлау, дәлелді пікір және қарсыласыңның ойын саралай алатын зеректік керек. Жүрексізбен, жұрт алдында өз пікіріңді қорғау — шын мәнінде үлкен ерлік.

— Дебат сахнасына шыққан алғашқы қадам қалай басталды?



— 2021 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 1-курс студенті атанғанда, дебат туралы естігенім болмаса, оған аса қатты қызығушылығым болмаған еді. Бір күні "Заман Біздікі" Интеллектуалды Элиталар Одағы жайлы білдім де, жиналысына қатысып көруге шешім қабылдадым. Сол күннен бастап дебаттың маған берері мол екенін түсіндім. Қазан айында өткен ішкі турнирде алғаш рет жеңіске жеттім. Бір жарым айдың ішінде республикалық турнирге жолдама алып, Орал қаласында Жәңгір хан университетінде өткен "Рух" дебат клубының ұйымдастырған жарысына қатыстым. Жастар финалына дейін жетіп, өкінішке қарай, жеңіс тұғырынан көріне алмадық. Бірақ бұл мен үшін үлкен тәжірибе, сапалы ойын және ұмытылмас естелік болды.

— Әр өнерде бағыт-бағдар беретін ұстаз бар, сіздің ұстазыңыз кім?

— Дебат — үлкен әлем. Бұл жерде ең алдымен өзіңнен үлкенге құрмет, өзіңнен кішіге ізет көрсету қағида-сы сақталады. Сол себепті

біздің ұйым "Заман біздікі" Интеллектуалды Элиталар Одағы деп аталады. Дебатқа келген адам үшін жалғыз ұстаз емес, бірнеше бағыт-бағдар беруші тұлғалар болады. Аға буынның тәжірибесін үлгі тұтып, одан үйрену — біз үшін бұлжымас қағида. Сондықтан әрбір пікірсайысшы өзін тәрбиелейтін ортадан нәр алып, рухани баюы тиіс.

— Наурыз айы ұлттық құндылықтарды айшықтайтын мерекелерге толы. Алғыс айту күні, 8 наурыз — Аналар мен қыздар мерекесі, Наурыз мейрамы. Осы күндерді қалай өткіздіңіз? Өзгені сүйсінткен, өзіңізді қуантқан қандай сәттер болды?

— Ең алдымен, барша жақындарыма алғысымды білдіремін. 8 наурызда барша нәзік жандыларды шын жүректен құттықтадым. Аналарымызды, әпке-қарындастарымызды, жеңгелерімізді қуантуды өзіміздің парызымыз деп білдік. Қазақтың ұлттық мерекесі — Аман мейрамын да ерекше атап өттік. Бұл күндері ағайын-туыс, дос-жаран бір-бірін құттықтап,

дастарқан басында бас қосатыны — ұлттық бірлігіміздің көрінісі.

Биылғы Наурыз мейрамы мен үшін ерекше есте қалды. Себебі отбасымызда үлкен қуаныш болды — ініміз дүниеге келді. Оның есімін қазақ даласынан шыққан ұлы ғұлама, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің құрметіне Әбу Насыр деп қойдық. Бұл біздің ұрпағымыздың білімді, кемел тұлға болып өсуіне деген ниетіміздің белгісі. Осылайша, Наурыз мерекесі биыл мен үшін ерекше қуанышты сәтпен есте қалды.

Қорыта айтқанда, дебат — менің өмірімнің маңызды бөлігі, ал ұлттық құндылықтарымызды құрметтеу — әрбір азаматтың парызы. Өзіме жол көрсеткен ұстаздарыма, қолдау білдірген жақындарыма алғыс айта отырып, алдағы уақытта да биік белестерді бағындыруға ұмтылатын боламын.

"Өз ойын еркін айтқан — озар, өзгенің ойын тыңдаған — тозар" деп бекер айтылмаған. Дебат — ой жарысы ғана емес, тұлға болып қалыптасудың да даңғыл жолы.



✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ

Zhubanov University профессоры Куанышбек Шүңкеев жаратылыстану ғылымдары саласындағы «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің төрағасы болып тағайындалды, — деп хабарлады университеттің Баспасөз қызметі.

Куанышбек Шүңкеев — радиациялық материалдар физикасы саласының мойындалған сарапшысы ғана емес, сонымен қатар ғылым мен білімнің дамуына баға жетпес үлес қосып келе жатқан ғалым. Оның көпжылдық еңбегі университеттегі көптеген ғылыми жетістіктер мен білім беру бастамаларының негізіне айналды.

Оның тікелей жетекшілігімен 12 жас ғалым физика-математика ғылымдарының кандидаты және PhD дәрежесін алды. Қазақстанның Ұлттық инженерлік академиясының академигі ретінде Куанышбек Шүңкеев жас ғылыми кадрларды даярлау ісін жалғастырып келеді.

Бұл тағайындау — оның еңбегін мойындаумен қатар, Zhubanov University үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Атап айтқанда, ғылыми қауымдастықтағы орнын нығайту, зерттеу жобаларын кеңейту және студенттер мен оқытушыларға жаңа перспективалар ұсыну.

Ал профессор Шүңкеевтің өзі "Бұл жетістік университетіміздің еліміздегі жетекші ғылыми орталықтардың бірі ретінде ресми түрде танылуының белгісі, — деді.

НОВЫЙ ПРЕДСЕДАТЕЛЬ НАЦИОНАЛЬНОГО УЧЕНОГО СОВЕТА

Профессор Zhubanov University Куанышбек Шункеев назначен председателем Национального ученого совета по направлению «Интеллектуальный потенциал страны» в области естественных наук, — сообщили в пресс-службе университета.

Куанышбек Шункеев — признанный эксперт в области физики радиационных материалов, ученый, вносящий неоценимый вклад в развитие науки и образования. Его многолетняя работа стала основой многих научных достижений и образовательных инициатив в университете.

Под его непосредственным руководством 12 молодых ученых получили степени кандидата физико-математических наук и PhD. В качестве академика Национальной инженерной академии Казахстана Куанышбек Шункеев продолжает подготовку молодых научных кадров.

Это назначение, помимо признания его заслуг, открывает новые возможности для Zhubanov University. В частности, укрепление своего места в научном сообществе, расширение исследовательских проектов и предоставление новых перспектив студентам и преподавателям.

А сам профессор Шункеев прокомментировал: «Это достижение является знаком того, что наш университет официально признан одним из ведущих научных центров страны».

NEW CHAIRMAN OF THE NATIONAL ACADEMIC COUNCIL

Professor Kuanyshbek Shunkeev of Zhubanov University has been appointed chairman of the National Scientific Council for the Intellectual Potential of the country in the field of natural sciences, the university's press service reported.

Kuanyshbek Shunkeev is a recognized expert in the field of physics of radiation materials, a scientist who makes an invaluable contribution to the development of science and education. His long-term work has become the basis of many scientific achievements and educational initiatives at the university. Under his direct supervision, 12 young scientists received the degrees of Candidate of Physico-mathematical Sciences and PhD. Kuanyshbek Shunkeev continues to train young scientists as an academician of the National Engineering Academy of Kazakhstan.

This appointment, in addition to recognizing his achievements, opens up new opportunities for Zhubanov University. In particular, strengthening their place in the scientific community, expanding research projects and providing new perspectives to students and teachers.

And Professor Shunkeev himself commented: "This achievement is a sign that our university is officially recognized as one of the leading scientific centers in the country."

☑ Nauryz holiday



Мемлекет басшысы Наурыз мейрамымен құттықтады

Қасым-Жомарт Тоқаев "Ехро" көрме орталығындағы этноауылда Наурыз мерекесін жұртшылықпен бірге қарсы алды, — деп жазды Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Президент мерекелік іс-шараға жиналған көпшілікті Наурыз мейрамымен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Мемлекет басшысы бұл мейрамның бытырдан бастап жаңа тұжырымдамаға сәйкес он күн бойы аталып өтетініне назар аударып, Наурызнаманың әр күні тағылымға толы екенін айтты. Сонымен қатар мерекенің тазалық, еңбекқорлық құндылықтарын дәріптейтін тәрбиелік мәніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүкіл әлемнің алмағайып жағдайда өмір сүріп жатқан шағында қоғамның тұрақтылығын нығайту саясатымыздың басты бағыты болып қала беретінін жеткізді.

"Биыл Конституциямызға жөне Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл толады. Сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеміз. Көп ұзамай қастерлі Тәуелсіздігіміздің 40 жылдық мерейлі белесіне жетеміз. Қа-

зақстан осы уақытта озық, өркениетті, қуатты мемлекет болуы керек. Мен Ұлттық құрылтайдың Бурабайдағы жиынында осы мәселеге арнайы тоқталдым. Біз елімізді жаңа жаһандық жағдайға бейімдеуіміз қажет. Мемлекетіміздің бағдары да, басымдығы да — айқын. Цифрландыру ісі мен жасанды интеллект, ірі инфрақұрылымдық жобалар, көлік тасымалы және энергетика, агроөнеркәсіп кешені, сондай-ақ адам капиталы — осының бәрі еліміздің негізгі даму бағыттары. Қазақстан осы салалар бойынша әлемдік бәсекеге қабілетті ел болмақ. Бұған біздің мүмкіндігіміз толық жетеді. Біз "Заң мен тәртіп" қағидасы берік орныққан, әділетті, қауіпсіз, таза, мәдениетті және дамыған Қазақстанды міндетті түрде бірге құрамыз! Қазақстаннан басқа еліміз жоқ. Сондықтан бәріміз бір қоғам болып мемлекетімізді нығайтайық, дамытайық, көркейтеікі!", — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



ZHUBANOV UNIVERSITY
РЕКТОРЫ
ЛАУРА ҚАРАБАСОВА
УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫН
22 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН
ҚҰТТЫҚТАДЫ



Құрметті жұбановшылар!

Сіздерді күн жылып, табиғат құлпырумен келген Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Қазақ үшін Наурыз — жыл басы. Демек біздің алға артқан игі мақсаттарымыз осы күннен басталмақ! Әзі-Наурыз бізге нәтижесі мол жұмыстарға шабыт берсін, құт- берекелі білім ордамыз алға қарай дами түссін!

Ел экономикасының қозғаушы күштері — білім мен адами капитал. Бұл бағыттардың жүзеге асуы жоғары оқу орындарының сапалы қызметіне тікелей байланысты.

Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың жуырдағы отырысында нақтылап айтып берді.

Ұлттық Құрылтай бұл біздің жаңғырған дәстүріміз, ол біз үшін ерекше алаң, билік пен халықтың арасындағы, билік пен азаматтық қоғам арасындағы диалогтың ерекше үлгісі.

Құрылтай алаңында Мемлекет басшысы білім экономикасын құрып, озық ойлы ұлт болуымызға бағыттайтын маңызды құндылықтарды атады. Қазақ халқының әлемдік сахнада бәсекеге қабілетті болуының басты шарты ретінде жасампаздық және жаңашылдық қасиеттеріне ерекше тоқталды. Біз осы шарттар шеңберінде жұмысымызды жалғастыруымыз қажет.

Мемлекет басшысы сондай-ақ ұлттық киімдеріміздің маңызын, әсіресе, әйелдердің дәстүрлі киімі өте ғажап көрінісін атап өтіп, оны жан-жақты дәріптеуге шақырды. Бүгінде тек "Ұлттық киім күні" ғана емес, түрлі мекемелерде ұлттық киімге күнделікті мән беріле бастады. Соның көрінісі біздің университетте де қалыптасты.

Менің үстімдегі ұлттық киім өз университетіміздің шеберлерінің туындысы. Кәсіби-шығармашылық факультетінің киім дизайнері бағытында білім беріп жатқан оқытушылардың еңбегіңіз әдемі қорытындысы.

Қымбатты әріптестер!

Наурыз құтты болсын!

Әр шаңыраққа амандық, мол дастархан, жақсылық тілеймін!

☑ Nauryz holiday

Әз-Наурызға — Жаз көңіл

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Әз Наурызға — Жаз көңіл!» тақырыбында мерекелік іс-шара өтіп, университет ұжымына мерекелік ерекше көңіл-күй сыйлады.

Университет ректоры Лаура Қарабасова жиналғандарды Наурыз мерекесімен құттықтап, ұжымға ыстық ықыласын білдірді. Лаура Қарабасова Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған «Наурызнама» тұжырымдамасының маңыздылығына тоқталды.

«Әр күннің өзіндік ерекше атауы, тарихи мәні мен дәстүрі бар. Бүгін — Ұлттық спорт күні. Ұлттық спортты дамытуда Жұбанов университетінің атқарып отырған рөлі жоғары. Әсіресе, тоғызқұмалақ ұлттық ойынын дамытуда біздің спортшыларымыз белсенді түрде атсалысып жүр. Сонымен қатар университетімізде ұлттық киім кию дәстүрі де кеңінен қалыптасып келеді», — деді ректор.

Мереке театрландырылған қойылыммен ашылып, қазақ халқының бай салт-дәстүрлері сахналық көріністер арқылы көрермендерге ұсынылды. Университеттің ардагер ұстаздары төрге шақырылып,

олар жиналған қауымға ақ баталарын берді. Сонымен қатар шараға келген қонақтар «Жібек жолы» базарында ұлттық қолөнер бұйымдары мен дәмді тағамдар қойылған ерекше жәрмеңкенің қызықты сәттеріне куә болды.

Наурыз мерекесінің басты ерекшелігі — ұлттық ойындар. Бұл күні «Nomad Games» алаңында түрлі қызықты сайыстар ұйымдастырылып, қатысушылар өздерінің ептілігі мен батылдығын сынап көрді. Ал «Food Zona» аймағында қонақтар қазақтың ұлттық тағамдарынан, оның ішінде Наурыз көжеден дәм татты.

Өнер сүйер қауым үшін ART көрмесі ұйымдастырылды. Фото-зонада қонақтар әдемі безендірілген аланда естелік суреттерге түсіп, осы күннің ерекше сәттерін есте қалдырды.

Жадыра Әрен
Zhurbanov University
Баспасөз орталығы



НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТАРИХЫНА — 5 МЫҢ ЖЫЛ

Наурыз — жер бетіндегі ең көне мейрамдардың бірі, — деп жазды ҚазАқпарат Халықаралық ақпарат агенттігі. Оның тарихы 5 мың жылға дейін кете береді. Мерекенің пайда болу тарихы туралы агенттік тілшісі Гүлмира Ғосманәлиге этнолог, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің "Археология, этнология және музеология" кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Меруерт Егізбаева айтып берді.

"Тасқа қашалып салынған суреттер Наурыз мейрамының тарихы тереңдігін көрсетеді. Алма-тыдан солтүстік батысқа қарай 170 шақырымда орналасқан Аңырақай тауларында өте ескі суреттер табылған. Олар 5 мың жыл бұрын салынған деп айта аламыз. Суретте екі ірі бейне салынған. Олардың бірі Тәңір болса, екіншісі қараңғылықтың символы — Іңір. Суретте екеуі құшақтасып тұр, бұдан көрісу дәстүрін көруге болады. Олардың ортасында жаңа туған бұзау, алты айлық тана, ірі бұқа және бие салынған. Бұлар сәйкесінше жыл мезгілдерін білдіреді. Олардың астында 12 ай тектес адамдар билеп жүр. Бұл 12 айды білдірсе керек. Бұл суретте "Наурыз" мейрамының күн мен түн теңелуі көрсетілген. Осыдан-ақ ерте кезде қалай тойлағанын түсінуге болады", — деді Меруерт Егізбаева.

Оның айтуынша, Наурыз мейрамы діни мерекеге жатпайды.

Шығыс ойшылдары Махмұд Қашқари, Әбу Райхан Бируни, Фирдоуси, Әлішер Науаи, Омар Хайямның артында қалған мәдени мұраларында Наурыз туралы бірнеше рет айтылады. Этнологтың айтуынша, Наурыз мейрамы тек қана түркі халықтарына ортақ мереке емес, сондай-ақ, иран-парсы халықтары да Наурызды тойлайды.

М.Егізбаеваның айтуынша, төл мерекемізде адамдар жаңа киім киіп, кішілер үлкендердің батасын алатын болған. Дәл осы күні барлық өкпе-реніш ұмытылатын. Бүгінде Наурыз мерекесінің көптеген элементтері қайта оралып жатыр.

"Кейбір ұмытылып қалған дәстүрлер де жаңғырып жатыр. Әсіресе, батыста, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарында 14 наурызда Амал мерекесі басталады. Адамдар бір-бірімен керіседі. Бұл амалдардың барлығының өсіп келе жатқан ұрпаққа берері мол. Жастар арасында кешірімді болу, татулық, адамгершілік, үлкенге — құрмет, кішіге — ізет сияқты қағидалардың қалыптасуына ықпал етеді", — деді этнолог.

☑ Nauryz holiday



Этноауылдағы Наурыз тойы

«Қазақ халқына мың алғыс» стелласы алаңында құрылған Этноауылдағы Наурыз тойы дүркіреп өтті, — деп хабарлайды Ақтөбе облысы әкімдігінің Баспасөз қызметі.



Алаңға жиналған жұрт мерекелік көңіл-күйде Наурыз көже мен бауырсақтан дәм татып, спорттық шараларға белсене қатысты.

«Қош келдің, өз-Наурыз» мерекелік шарасында елімізге танымал эстрада әншілері өнер көрсетті. Мирас пен Құралай Бекжановтар, Ұшқын Жамалбек, Шынтас пен Айнагүл және тағы да өнер ұжымдары әннен шашу шашты.

Өңір басшысы Асхат Шахаров Ақтөбе жұртшылығын Наурыз мейрамымен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазір өз-Наурыз күнлі халыққа ортақ жалпыұлттық мерекеге айналғанын, оны ұлтына, дініне қарамастан барша жұртымыз ерекше күтетінін, бірге атап өтетінін айтқан болатын. Күні кеше Көкшетауда төртінші құрылтайда ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында төл мәдениетіміздегі Өз Наурыз мейрамының орны бөлек екеніне де ерекше тоқталды», — деп сөзін бастаған өңір басшысы

күндік форматында кең көлемде тойланып жатқанын сөз етті. Биыл да ақтөбеліктер ұлттық құндылықтарды дәріптеп, мерекені ерекше көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алуда.

Асхат Шахаров өңірдің жыл сайын даму қарқыны артып, халықтың әл-ауқаты жақсарып, түрлі маңызды жобалар жүзеге асырылып жатқанын айтты. Бұл жетістіктер — бірлігіміз бен ортақ еңбегіміздің нәтижесі.

«Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!», — деп өңір басшысы сөзін қорытындылады.

Облыс әкімі этноауылда бой тізген киіз үйлердегі қолөнер шеберлерінің туындылары қойылған көрмелерді аралады. Ұлттық бұйымдар, ағаш және тері өңдеу шеберлігінің үлгілерімен танысты. Сондай-ақ, «Ауыл аманаты» жобасымен кәсіп бастағандардың өнімдері қойылған көрмені де қарап шықты. Бүкіл ауданнан келген 60-тан аса кәсіпкер өз тауарларын көпшілікке ұсынды.

Наурыз мейрамынан арнайы парактарды дайындаған Гүлнара Дауылбайқызы



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

100 ӘЖЕ, 100 КЕЛІНШЕК

Жалпыұлттық Наурызнаманың онкүндігі аясында облыс орталығында «Көрісу күніне» орай, «Амал келді — жыл келді» атты мерекелік бағдарлама барысында 100 әже мен 100 келіншек ұлттық құндылықтарды дәріптеді.

Ақ кимешек киген 100 әже және ақ орамал таққан 100 келіншек Ақтөбе көшелерімен жүріп өтті.



Мерекелік бағдарлама қазақ мәдениетінде айырықша орын алатын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан маңызды дәстүр «Бастаңғы» көрінісімен басталды. Әрі қарай көш керуенімен ұласты. Тарихымыз бен мәдениетіміз сән-салтанат құрған көш-керуенді «Қазақ аналары — дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі, Ақтөбе облыстық филиалының аналары, Алматы ауданының Аналар кеңесі, Аналар алқасы, Алматы аудандық ақсақалдар алқасы бастады.

Ақ кимешекті әжелер алаңда жиналған жұртпен амандасып, «Көрісу дәстүрін» көрсетсе, келіншектер үлкендерге сәлем етті.

100 БАБУШЕК, 100 НЕВЕСТОК

В Актобинской области в рамках общенациональной декады Наурыз-нама в областном центре в рамках празднования Көрісу күні состоялась праздничная программа под названием «Амал келді — жыл келді», в ходе которого 100 бабушек в белых кимешек и 100 невесток в белых платках прошли по улицам Актобе чествовали национальные ценности.

Праздничная программа началась с демонстрации традиционного обряда «Бастаңғы», который занимает особое место в казахской культуре и передается из поколения в поколение. Далее мероприятие продолжилось парадом-караваном. Яркое шествие, демонстрирующее нашу историю и культуру, возглавили участницы Актобинского областного филиала РОО «Қазақ аналары — дәстүрге жол», совета матерей и совета аксакалов Алматинского района.

Бабушки в белых платках приветствовали собравшихся на площади людей, демонстрируя обряд Көрісу, а снохи оказывали почтение старшим.

100 GRANDMOTHERS, 100 DAUGHTERS-IN-LAW

In Aktobe region, as part of the nationwide decade of Nauryznam, a festive program called "Amal keldi – zhyl keldi" was held in the regional center as part of the celebration of Korisu, during which 100 grandmothers in white kimonos and 100 daughters-in-law in white headscarves marched through the streets of Aktobe and honored national values.

The festive program began with a demonstration of the traditional ceremony "Bastangy", which occupies a special place in Kazakh culture and is passed down from generation to generation. The event continued with a caravan parade. The bright procession, demonstrating our history and culture, was led by participants of the Aktobe regional branch of the NGO "Kazakh Analary - dasturge Zhol", the Council of Mothers and the Council of elders of the Almaty region.

Grandmothers in white headscarves greeted the people gathered in the square, demonstrating the Korisu ceremony, and the daughters-in-law paid homage to the elders.

ҮЗДІК ҒАЛЫМДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Алматыда Ұлттық ғылым академиясы озық ғылыми жетістіктерге қол жеткізген ғалымдарды марапаттады.

Марапаттардың ішінде Қазақстан мен Орта Азиядағы тұңғыш әйел-академик, көрнекті физиолог, Ғылым академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор, белгілі қоғам қайраткері Найля Базанова атындағы төсбелгі алғаш рет табысталды. Бұл марапат ғылымдағы әйелдердің көрнекті жетістіктері мен ғылым саласының дамуына қосқан айырықша үлесі үшін тағайындалған болатын. Жоғары марапатпен марапатталушылар арасында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің "Математика" кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Мадина Тлеубергенова бар.

Бұл жүлдені 400 жетекші әйел-ғалым, ғылыми қызметкер және оқытушылар алды.

Елімізде ғылыммен айналысып жүргендердің 56%, яғни 12 мыңы әйелдер. Ғылыми дәреже алған қыз-келіншектер қатары жыл сайын артып келеді.

НАГРАЖДЕНЫ ЛУЧШИЕ УЧЕНЫЕ

В Алматы Национальная академия наук наградила ученых, добившихся передовых научных достижений.

Среди наград впервые был вручен нагрудный знак имени первой женщины-академика, выдающегося физиолога, академика Академии наук, доктора биологических наук, профессора, известного общественного деятеля в Казахстане и Средней Азии Найли Базановой. Эта награда была присуждена за достижения женщин и их вклад в развитие науки. Среди награжденных —



заведующая кафедрой «Математика» Актобинского регионального университета имени К.Жұбанова, кандидат физико-математических наук, доцент Мадина Тлеубергенова.

Эту награду получили 400 ведущих женщин-ученых, научных сотрудников и преподавателей.

Из тех, кто занимается наукой в стране, 56% женщины. Это 12 тысяч ученых. Число женщин, получивших ученую степень, растет с каждым годом.

THE BEST SCIENTISTS WERE AWARDED

In Almaty, the National Academy of Sciences awarded scientists who have achieved advanced scientific achievements.

Among the awards, the badge named after the first female academician, outstanding physiologist, academician of the Academy of Sciences, Doctor of Biological Sciences, professor, famous public figure in Kazakhstan and Central Asia Nayla Bazanova was presented for the first time. This award was given for the achievements of women and their contribution to the development of science. Among the awardees is Madina Tleubergenova, Head of the Department of Mathematics at Aktobe Regional University named after K. Zhurbanov, Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor.

This award was given to 400 leading women scientists, researchers and teachers.

Of those who are engaged in science in the country, 56% are women. That's 12,000 scientists. The number of women who have received an academic degree is growing every year.

Teacher's Anniversary

Каирова Бақыт Елубайқызы Ақтөбе облысы Новоресей ауданында (қазіргі Хромтау ауданы) 1955 жылы дүниеге келген.

Білім беру саласындағы еңбегі Алматы қаласындағы Алатау аудандық білім беру басқармасында бөлім әдіскері қызметінен басталып, Алматы қалалық педагогтардың білімін жетілдіру институтындағы қызметтермен жалғасады. Алматы транспорт инженерлері институтының Ақтөбе филиалында Жастар ісі жөніндегі директордың орынбасары, кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметін сол институтта (кейін КазАТК жаңа атауы) атқарады.

Алматы Абай атындағы мемлекеттік университетінде «Педагогические условия усвоения этнокультуры казахов учащимися технических колледжей» тақырыбында кандидаттық (1991 ж.) диссертация қорғайды, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде докторантурада оқып, нәтижесінде «Аксиологический анализ нравственной культуры казахов» тақырыбында докторлық (2008 ж.) диссертацияны ойдағыдай қорғап шықты. Көптеген докторлық диссертациялардың ресми оппоненті ретінде өзінің білікті және сыншыл ғалым екенін де көрсете білді.

1999 жылдан бастап Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында (қазіргі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті) қызмет етеді, осы жылдар аралығында оқытушы, аға оқытушы, доцент, Ғылыми-әдістемелік бөлім бастығы, Тәрбие ісі және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры, кафедра профессоры қызметтерін атқарды.

Тәрбие ісі және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор қызметін адал және аса үлкен жауапкершілікпен атқарғаны үшін «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды. Университет басшылығы тарапынан да ерен еңбегі бағаланып, «Университеттің құрметті профессоры», «Университеттің еңбек ардагері», «Университеттің 85 жылдығы» медальдарымен марапатталды.

«Каирова Б.Е. университетте атқарған барлық қызметтерінде өзін іскер, жауапты, өзіне және басқаларға да талап қоя білетін жан-жақты тұлға ретінде көрсете білді. Оның тікелей ат салысуымен университетіміздің оқу-әдістемелік, тәрбиелік жұмыстары жанда-

нып өз деңгейіне шықты. Көптеген университетішілік оқу-әдістемелік құжаттар, түрлі студенттік ұйымдардың жұмыстарын ұйымдастыру Ережелері, Нұсқаулықтары әзірленіп, басшылыққа алынды.

Каированың ұйымдастырушылық қабілеті оқу-тәрбие процесінің белгілі жүйеге келтіріліп, жастардың шығармашыл қабілеттерінің жетілуіне жағдай жасалуына, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жақсаруына мүмкіндік берді (Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалайық» Жолдауын насихаттауда «Жас маман» көрмесін ұйымдастырғаны үшін «Алтын күн» ҚҚ президенті атынан Алғыс хат).

Б.Е.Каированың басшылығымен университет студенттері республикалық, облыстық, қалалық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, марапатталды. «Ауылдың гүлденуі — Қазақстанның гүлденуі» атты эстафета-марафонда университет студенттері аса үлкен белсенділік көрсетуі және еңбек нәтижелері бойынша марапатталуы (Ақтөбе облыстық, қалалық әкімшілік тарапынан Алғыс хаттар мен грамоталар) да осы қызметтегі жемістерінің бірі.

Бақыт Елубайқызы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда ғылыми жетістіктерді басшылыққа ала отыра, ұлттық құндылықтарды сақтауға, қазақ мәдениетінің ерекшеліктеріне негізделген, мәдениетіміздің өзегі адами құндылықтарды дәріптеуге аса назар аударады. Өзінің ізденістерін 80-нен астам мақала, 3 монография, ҚР ҒЖБ министрлігі РОӘК бекіткен 3 оқу құралы және басқа да көптеген оқу-әдістемелік құралдарымен жалғастырып, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етумен ұштастыра жүргізді. Бақыт Елубайқызы Каирова өзінің жүрген ортасында қадірлі және сыйлы, жас оқытушыға тәлімгер, студенттер мен магистранттар оны үлгілі, білікті ұстаз-оқытушы деп құрмет тұтады, бағалайды», — дейді Zhubanov University «Қазақстан Халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер» кафедрасының меңгерушісі Ү.Қ.Сәрсембин.

Алдағы сәуір айында мерейлі 70 жасын тойлауға дайындық үстінде жүрген құрметті ұстаз, философия ғылымдарының докторы, профессор Бақыт Елубайқызы Каировамен жолығып, сұқбат алған едік.

— Бақыт Елубайқызы, Жыл басы — Наурыз мейрамында кездесіп отырмыз, бұл жыл сіз үшін ерекше, мерейлі жыл болады екен, құтты болсын!

Наурыз мейрамына этнолог ретінде көзқарасыңыз қалай? Тарихи тереңнен басталатын бұл күннің этномәдениет құндылықтарын жастар бойына сіңірудегі ролі жайлы не айтасыз?

— Рақмет. Иә, солай, биылғы жыл мен үшін ерекше, өйткені осы наурыз айындағы менің мерей тойым, яғни, туған күнім Наурыз мерекесінен басталады.

Наурыз — тек Жаңа жылдың

Кәсібіме дән ризамын

бастауы ғана емес, ол — халықтың рухани жаңғыруының, дәстүр мен мәдениеттің қайта түлеуінің белгісі. Мәдениеттанушы ретінде бұл мерекені әлемдік өркениеттердегі көктемгі жаңару ұғымымен байланыстыра отырып қарастырамын. Бұл күн — табиғатпен үндестіктің, жаңсылық пен жаңашылдықтың символы. Кез келген халықтың дәстүрлі мерекелері оның тарихи жадының,

мәдени сабақтастығының және этникалық өзіндік болмысының айнасы болып табылады. Халықтың тарихи даму жолының айғағы болуымен мәні зор.

Наурыздың этномәдени маңызы туралы айтсам, ол — ұрпақтар сабақтастығын сақтайтын, ұлттық бірегейлікті нығайтатын ерекше мейрам. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында бұл күн — тек астро-

номиялық циклдің жаңаруы ғана емес, адамдар арасындағы татулықты, мейірімділікті, кешірімді болуды дәріптейтін сәт.

Біз үшін Наурыз — көнеден жеткен аманат, ұлттық кодтың ажырамас бөлігі. Мерекенің шынайы болмысын, біз ұлттық ойындар мен салт-дәстүрге негізделген әдет-ғұрыптардан, әдеп нормаларынан т.б. табамыз.





Біз бұл мейрамды ұлттық рухты көтеретін, мәдениетті дәріптейтін, қоғамды біріктіретін мереке ретінде қарастырамыз, өйткені оның қоғамға, соның ішінде жастарға берері жеткілікті. Жалпы әр мерекенің атқаратын қызметі бар, Наурыз мерекесі де танымдық, ақпараттық, реттеушілік және әлеуметтендіру қызметтерін іске асыра отыра жастарға қажетті құндылықтық бағдар береді. Оны болашаққа бағдар беретін құндылықтар жиынтығы деп айтуға болады:

— ұлттық өнерді дәріптеуде музыкалық-аспаптық, ән-күй мәдениеті, халықтың қолданбалы өнер шығармашылығы арқылы жастардың қызығушылығын арттыру маңызды;

— интеллектуалды, спорттық сайыстар арқылы қазақтың дәстүрлі құндылықтарын айшықтау мақсатында өскелең ұрпақты салауатты өмір салтына жетелеу;

— «табиғат пен адам» философиясы арқылы экологиялық мәдениеттің қажеттілігін жастар сана-сезіміне жеткізе отыра насихаттау.

Наурыз — тек өткеннің мұрасы емес, сонымен бірге — қоғамдағы ұлттық сана-сезімді, қарым-қатынас мәдениетін, адамгершілік құндылықтарын нығайтудың маңызды құралы.

— Еңбек жолыңыздың басында жастар ісі бойынша біраз қызметтер атқарған екенсіз. Сол кездегі әлеуметтік-тәрбие-

лік жұмыстар мен қазіргі кездегі жастарға тәрбие беру ісінде қандай өзгерістер көресіз?

— Ия, білім беру саласындағы қызметім үнемі жастардың ортасында өткендіктен олардың қандай құндылықтық қызығушылығы мен мүмкіндіктері бар екенін назардан тыс қалдырмадым. Әрине, тарихтың маңызды өтпелі кезеңдерінде қоғамның жастарға қоятын талаптары да өзгеріп отырады. Сондықтан жастардың болашаққа деген көзқарасы мен ынта-жігері де өзгереді. Ол кездегі әлеуметтік-тәрбиелік жұмыстар мен қазіргі кездегі жастарға тәрбие беру ісіндегі айырмашылықтар бар, дегенмен олардың негізгі өзегі болып табылатын Отанды сүю, оның алдындағы борышын өтеу, «адам болу» принциптері сақталынғанын «Қазақстан студенттер Альянсы», «Жас Отан», «Жасыл ел», «Студенттік құрылыс жасағы», пікір сайыс клубтары т.б жастар саясаты мен жастар ұйымдарының жұмыстарынан көреміз.

Бүгінгі күні жастарды бәсекеге қабілетті болуға, «сана ашықтығына», ұлттық құндылықтарды дәріптеуге тәрбиелеуді мақсат етіп қойдық. Ол үшін барлық жағдай жасалған. Жатақханалардың көбеюі, тұрмыстық қажеттіліктердің қанағаттандырылуы, грантта оқуға мүмкіндіктердің артуы, компьютерлік қамтылымның техника мен технологияларды ұштастыра отыра білім алуға, жастардың қабілеттілігін ұштауға барынша ықпал етіп отырғанын білеміз.

Осыған орай, жастардың ерікті белсенділігі жыл сайын артып келеді. Өйткені, әр жастар мекемесі мен ұйымдарының Жастар ісі жөніндегі комитеті «Қазақстан — 2030: барлық қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, қауіпсіздік және өркендеу» Мемлекеттің стратегиялық дамуы идеясы Бағдарламасы аясында жұмыс жасайды, соның негізінде жоспар құрылады. Өткізілетін шаралардың мазмұндық құрылымына үлкен көңіл қойылатын болды. Жастарға өз шығармашылығын дамытуға барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Жастардың білімге деген ұмтылысы да жақсы. Әрине, әрқайсы өзінің мақсатына сәйкес іс-қимылдар жасайды, оларға тек құндылықтық бағдардың дұрыс берілуі маңызды.

— Бұл жоғары оқу орнындағы қызметіңіз 1999 жылдан басталған екен. Сіздің тікелей ат салысуыңызбен мұндағы оқу-әдістемелік, тәрбиелік жұмыстар жанданып өз деңгейіне шықты дейді әріптестеріңіз. Сол жылдарды бір еске алсаңыз.

— Ия, менің осы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіндегі қызметіме жиырма бес жылдан астам уақыт болды. Осы аралықта көптеген қызығы мен жауапкершілігі мол жұмыстар атқарылды.

«Саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасының оқу-әдістемелік қамтылымына жауапты аға оқытушы ретінде көптеген оқу-әдістемелік әзірмелерді жасадық. Кафедраның университетішілік байқауында жүлделі бірінші орынға ие болғаннан кейін, әкімшілік тарапынан маған университеттің Ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы болуға ұсыныс түсті. Жауапты қызметтер қатарында болса да айлығы аздау, еңбек демалыс мерзімі қысқа орын. Ол жерге баруға көпшіліктің құлығы тартпайтын еді. Соған қарамастан мен келісім бердім. Ғылыми-әдістемелік бөлімінің негізгі мақсаты — білім беру сапасын көтеруге қажетті нормативті-әдістемелік құжаттармен университет құрылымдық бөлімдерін қамтамасыз ету және озық педагогикалық тәжірибені анықтап, тарату, білім беру үрдісінің сапалық дәрежесін арттыру болатын. Сол уақыттан бастап оқытушылар арасында тәжірибе алмасу мақсатында университетішілік байқаулар өткізіле бастады. «Оқытудың белсенді формалары» атты айдармен ашық сабақтар өткізу жүйелі түрде өткізілді. Оларды ұйымдастыру үшін қажетті университетішілік семинар-тренингтер, дөңгелек үстелдер, педагогикалық отырыстар, талдаулардың нәтижелерін шығару сияқты жұмыстар жасалды.

— Білім беру саласында жалпы 35 жылға жуық еңбек етіп келесіз. Жастармен жұмыс істейтін адам өзін ылғи сергек сезінеді дейді. Ол рас шығар?

— Ия, әрине онсыз болмайды. Міндетті түрде, білім алушы жас-

тардың психологиялық ерекшелігін білу арқылы олардың тынысын, сезімін, көңіл-күйін бақылайсың. Олардың сұраныс қажеттіліктеріне, қызығушылығына жауап беруге ұмтыласың. Ең бастысы өзіңнің үлгі өнегенмен ғана тартымды боласың. Жастар талғампаз келеді. Олардың «пульсын» үнемі ескергенде ғана нәтижеге жетесің. Талап пен тәртіпті өзіңе қоюдан бастау арқылы үлгі бола аласың, жақын адамыңдай көре білсең ғана жастар сенім арта түседі. «Бір баспалдақта», сенімге негізделген қарым қатынаста болу — заман талабы.

— Жас педагогтар буыны өсіп шықты, жоғары білім беру саласындағы оқытушылар жасы да жасарды. Оларға үйретеріңіз де, олардан үйренеріңіз де бар шығар?

— Өлбетте, бар. Өйткені заман ағымы, өзгермелі өмір, жаңа талаптар адамның ой-өрісін де, ойлау және ой елегінен өткізу (рефлексия) процестерімен тығыз байланыста болатыны белгілі. Жас оқытушыларға үйретуден гөрі олардан үйренетін тұстар да жеткілікті. Әсіресе, заманауи технологияларды пайдалануда сөзсіз, жас педагогтар алдыңғы қатарда тұр. Біздің буыннан да алатын дүниелер жоқ емес. Олар: студент жастарды тәрбиелеуде ата-анамен байланысты нығайту арқылы екі жақты мәселені шешу жолдарын айқындауда, ұлттық құндылықтардың мән-мағынасын жеткізуде, саяси-мәдени тұрғыдан құндылықтық бағдар беруде, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру мақсатында кеңес беріп, немесе алып тұру сияқты басқа да тәжірибеге негізделген маңызды істерді жоспарлы жүргізуде керек деп санаймын.

— Сұқбат басында қойылуы керек сұрақты әңгіме соңында қояйын. Мәңгі жас бірақ қиын кәсіп педагог мамандығына келуіңізге себепші болған жайтты еске алсақ. Және осы кәсіпке өмір жолыңызды арнағаныңызға ризасыз ба?

— Әрине. Ешбір адам өзінің мамандығын таңдауда қателеспейуі керек деп айтады ғой. Ол тектен тек айтылмаса керек. Өйткені оның арғы жағында үлкен мән жатыр. Қиындығы мен қуанышы қатар жүретін педагогика маманы болғаныма еш уақытта өкінген емеспін. Мен қазақтың болашағына адал қызмет жасап келгеніме мақтанамын. Жас кезімнен-ақ, осы салаға бейім екендігімді мектеп мұғалімдері айтатын, тіпті менің мектеп бітірудегі қолыма берілген Мінездемеде де солай жазылған «...Болашақ педагог, мінезі соған лайық...» деп. Мен үшін өмірдің мәні болып келген кәсібіме дән ризамын. Өзімнің қызметімді, студенттерді жақсы көремін. Жүрген ортамды бағалаймын.

— Тамаша. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат тілеймін!

Гүлнара Қараша

Science

ҒЫЛЫМИ БАСТАМАЛАРҒА ГРАНТ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ғылыми бастамаларды қолдауға грант ұтып алды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында 2029 жылға дейін жоспарланған Қазақстан Республикасындағы жоғары білім мен ғылымды дамытудың жаңа тұжырымдамасының басым бағыттарының бірі жүзеге асырылуда.

Соңғы жылдары елімізде ғылымға айрықша көңіл бөлініп келеді. Соның бір дәлелі — ғылымға бөлінетін қаражаттың артуы.

Еліміздің 15 өңірінде және 5 педагогикалық жоғары оқу орнында академиялық артықшылық орталықтарын құру жобасы қолға алынды. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті осы жобаға қатысқан 15 өңірлік ЖОО-ның бірі. 2024 жылы университет орталықты құруға 3 млрд теңге көлемінде грант ұтып алды. Жобаның басты мақсаты — табысты ғылыми бастамаларды дамытуға жағдай жасау және тек Ақтөбеде

ғана емес, жалпы еліміздің батыс аймағындағы ғылыми қызметтің тірегіне айналу. Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл бастама университет ғылымын жаңғыртуға және білім экономикасына көшуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Бағдарламаны жүзеге асыру аясында өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал ететін өндірістік қалдықтарды қайта өңдеудің жаңа технологиялары әзірленеді. Бұл процесті тиімді жүзеге асыру мақсатында ғылыми институттар мен өндіріс өкілдерін біріктіретін консорциум құрылды. Оған Ж. Әбішев атындағы Химия-металлургия институты және «Казмагно-Хромит» ЖШС сынды ұйымдар енді. Сонымен қатар, өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, металлургия, материалтану және экология салаларына арналған заманауи ғылыми зертханалар ашу жоспарлануда.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
Баспасөз қызметі



ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ТАБЫС: ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР

2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру байқауында «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» тақырыбындағы жобамыз мақұлданған еді.

Жоба әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясын салғастырмалы аспектіде зерттеуге арналған. Осы жобаның биыл соңғы жылы, қазір жобаға қатысушы шәкіртерімізмен бірлесіп жұмыс жасап жатырмыз. Жақында «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» тақырыбындағы монографиямызды аяқтадық. Аталған монография қазақ, орыс, араб, ағылшын, француз тілдері сияқты типологиялық жағынан бір-біріне ұқсасмайтын тілдердің әзіл-оспақ дискурсын кешенді зерттеу нәтижесі болып саналады және білім беру қызметі мен ғылыми жұмыстарды ұйымдастыруда, көптілді білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға,

аудармашылар мен тілшілердің кәсіби қызметінде қолданысқа ие болады.

Тіл білімінің антропоэлектік парадигмасы аясында пайда болған жаңа бағыттар бойынша зерттеушілерге көмегін тигізеді.

Жобаның зерттеу тобы бірнеше тілді меңгерген кәсіби мамандар. Мәселен, алғашқы шәкіртім PhD Нұргүл Құлтанбаева қазақ және араб тілдерінің, Бибігүл Хасанғалиева, Жанар Жетесова, Ақмарал Тухтарова, Нарқозы Қартжан ағылшын тілінің, Роза Танатова Роза орыс тілінің, Есім Кенесов, Гулмира Ермекбаева қазақ тілінің мамандары. Жоба аясында ғылыми ізденістер жүргізу, тәжірибе алмасу, тапсырмалар орындау жастарды шындай түсетініне көзіміз жетті. Жоба бойынша өзіне жүктелген тапсырмаларды орындай жүріп, Ақмарал Тухтарова мен Нарқозы Қартжан докторлық диссертацияларын сәтті қорғап, PhD дәрежесін алды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Үздік ғылыми қызметкер атандым, қаржылай сыйақы алдым. Былтыр 2023 жылдың қорытындысы бойынша гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеуіміз үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері атандық, ҚР ҒҖЖБ министрі С.Нұрбектің қолынан Ш.Уәлиханов төсбелгісін тақтым. Бұл сыйлық 2019 жылы жарық көрген Мұқағали тілі сөздігі үшін берілді. Мұқағали тілі сөздігі қазақ лексикографиясына қосылған құнды еңбек болып саналады. Осындай еңбектің Ғылым Академиясы мен министрлік тарапынан бағалануы ерекше қуаныш әрі ғылымды қолдау деп ойлаймыз.

Сабира Исакова,
Zhurbanov University
"Теориялық және қолданбалы тіл білімі" кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы



ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ — ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҒЫ

Соңғы жылдары елімізде ғылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Докторантураға гранттар санының көбеюі, жас зерттеушілерге шетелде ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіндігінің артуы, ғылыми жобаларды қаржыландыру көлемінің ұлғаюы, мегагранттар байқауының өткізілуі — осының дәлелі.

Сонымен қатар жас ғалымдардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жеңілдетілген несиелермен баспана алу бағдарламасының әзірленуі де ғылым саласына жасалған маңызды қолдау болып табылады.

Бұл бағытта Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғалымдары да белсенді түрде ғылыми зерттеулермен айналысуда. Атап айтқанда «Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасының про-

фессор-оқытушылар құрамы мемлекеттік гранттық қаржыландыру есебінен өңірдегі металлургиялық кәсіпорындарымен бірлесіп ғылыми жобаларды жүзеге асыруда.

Қоғамда ғылымды дәріптеу және оны дамыту — ел экономикасын жаңа деңгейге көтерудің басты жолы. Ғылым дерексіз теория ғана емес, нақты қолданбалы сала болуы тиіс. Оның нәтижелері күнделікті өмірде, өнеркәсіпте, экономикада айтарлықтай пайда әкелуі қажет.

Дәурен Есенғалиев,
PhD, Zhurbanov University
"Металлургия және тау-кен ісі" кафедрасының доценті, қауымдастырылған профессор



ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК НӘТИЖЕЛЕР

Менің ғылыми бағытым — көпкомпонентті металдық және тотықты жүйелердегі физика-химиялық әрекеттесу заңдылықтарын зерттеу.

Қазақстанның техногендік минералдық ресурстарын пайдалана отырып, кремний, алюминий, хром, марганец және барий негізінде жаңа күрделі қорытпаларды алу технологиясын әзірлеу, сондай-ақ ферроқорытпалардың дәстүрлі түрлерін (FeCr, SiMn, FeTi, FeMn және т.б.) балқыту технологиясын жетілдіру бағытында жұмыс істеймін.

«Тазартылған ферромарганец сұрыптарын өндіруді ұйымдастыру» жобасы аясында ферромарганецтің тазартылған сұрыптарын өндіру цехы іске қосылып, 90 тонна FMn88 өндіріліп, тұтынушыларға сатылды. Бұл жобаны сәтті коммерцияландыру 2022 жылы IRN AP15573725 «Феррохромның тазартылған сұрыптарын балқытуға арналған жаңа кешенді тотықсыздандырығыш — Алюмосиликохром өндірісін ұйымдастыру» жобасының қаржыландырылуына негіз болды.

Қазіргі уақытта 2024-2026 жылдарға арналған IRN DP23691515 «Кедей кендерден немесе концентраттардан ферроникельдің жаңа өндірісін ұйымдастыру» жобасын коммерцияландыру жұмыстарымен айналысып жатырмыз.

Ғылым саласындағы инновациялар мен ғалымдардың жетістік-

тері еліміздегі ғылымды қолдау саясатының жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Ербол Шабанов,
PhD, Zhubanov University
"Металлургия және
тау-кен ісі" кафедрасының
қауымдастырылған
профессоры



ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ — ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

2024 жылдың басында екі маңызды ғылыми жоба үшін гранттық қаржыландыру жеңіп алдым.

Бұл жобалар ферроқорытпалар өндірісінің қалдықтарын кедерге жаратуға және қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы инновациялық шешімдерді әзірлеуге бағытталған, экологияны тұрақтандыру мен өнеркәсіптің қарқынды дамуы үшін маңызды. Жобаларды жүргізу үшін гранттық қаржыландыру алу технологияларды дамытуға мүмкіндік беріп, олар болашақта еліміздің экологиялық жағдайын едәуір жақсартыды.

Жобаларды жүзеге асыру студенттеріміздің тәжірибелік сабақтары мен ғылыми зерттеулерінің негізіне айналды. Әрдайым білім беруді нақты зерттеулермен байланыстыруға тырысамын, сондықтан студенттер тек теорияны меңгеріп қана қоймай, маңызды ғылыми жобалардың бір бөлігіне айналады.

Сонымен қатар бұл жобалардың жүзеге асырылуы және білім беру процесіне әсері менің 2024 жылғы «Ең үздік оқытушы» конкурсында жеңіске жетуіме негіз болды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы экологиялық мәселелерді шешуге және студенттерді ғылыми жетістіктерге шабыттандыруға да көмектескеніне қуаныштымын.

Баршанызға қолдау көрсеткендеріңіз бен сенім білдіргендеріңіз үшін алғысымды білдіремін! Біз бірге ғылым мен білімді дамытып, әлемді жақсартпа аламыз!

Өтеген Сариев,
Zhubanov University
"Металлургия және тау-кен ісі" кафедрасының доценті,
техника ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған
профессор

☑ Main news

ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтың Әзербайжан мемлекетіне іссапары аясында ЖОО ректорларының дөңгелек үстеліне және еліміздің жоғары білімінің мүмкіндіктерімен таныстыратын «Study in Kazakhstan» көрмесіне қатысты.

Бұл жөнінде Лаура Қарабасова әлеуметтік парақшасында баяндады. "Іс-шаралар барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Әзербайжан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары аттестаттау комиссиясымен ғылыми басылымдардың бірлескен тізімін бекіту туралы келісімге қол қойды. Бұл екі ел ғалымдары үшін ғылыми тәжірибе алмасудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Осы шешім аясында Әзербайжанның жетекші университеттерінің бірі — Баку мемлекеттік университетінің ректорымен ғылыми журналдарымыздың редакторлық алқасын өзара нығайту жөнінде келістік.

Сондай-ақ студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламасы, оқытушылардың тәжірибе алмасуы, түркология зерттеулерін біріктіру және археология бағытында бірлескен экспедицияларға қатысу мәселелерін талқылады.

Оған қоса магистратура деңгейіндегі қос диплом бағдарламасы мен PhD студенттердің диссертацияларына әзербайжан ғалымдарын шетелдік жетекшісі ретінде тарту мүмкіндігін қарастырамыз.

Сонымен қатар біздің университет пен Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясының Археология, этнография және антропология институты арасында маңызды кездесу өтіп, институт директоры Фархад Гулиевпен ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын талқылады.

Атап айтқанда, докторанттар мен магистранттарға ғылыми ғылымдамалар ұйымдастыру, студенттер мен ғалымдардың қатысуымен бірлескен археологиялық экспедициялар өткізу, ғұндар мен ерте темір дәуіріндегі көшпелілердің мұрасын зерттеу және түркі халықтарының ортақ тарихын зерделеу бойынша бірлескен бастамаларды қолдау мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар серіктестерімізбен Horizon халықаралық бағдарламасы аясында бірлескен ғылыми жобалар мен зерттеулерді жүзеге асыру жоспарын талқылады", — Л.Қарабасова.

ОБМЕН НАУЧНЫМ ОПЫТОМ

Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова в рамках визита Премьер-министра РК Олжаса Бектенова в Азербайджан приняла участие в круглом столе ректоров вузов и выставке «Study in Kazakhstan», которая знакомит с возможностями высшего образования страны.

Об этом сообщила Лаура Карабасова на своей социальной странице. "В ходе мероприятий министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек подписал соглашение с Высшей аттестационной комиссией при Президенте Азербайджана об утверждении совместного списка научных изданий. Это открывает новые возможности для обмена научным опытом для ученых двух стран.

В рамках данного решения мы договорились с ректором одного из ведущих университетов Азербайджана — Бакинского государственного университета о взаимном укреплении редакционной коллегии наших научных журналов.

Также были обсуждены вопросы программы академической мобильности студентов, обмена опытом преподавателей, интеграции тюркологических исследований и участия в совместных экспедициях по направлению археология.

Кроме того, мы рассматриваем возможность привлечения азербайджанских ученых в качестве зарубежных руководителей к программам двойного диплома на уровне магистратуры и диссертаций студентов PhD.

Также состоялась важная встреча между нашим университетом и Институтом археологии, этнографии и антропологии Национальной Академии Наук Азербайджана,



жана, где мы обсудили основные направления сотрудничества с директором Института Фархадом Гулиевым.

В частности, были рассмотрены вопросы организации научных стажировок докторантов и магистрантов, проведения совместных археологических экспедиций с участием студентов и ученых, поддержки совместных инициатив по изучению наследия гуннов и кочевников раннего железного века и изучению общей истории тюркских народов.

Также с нашими партнерами мы обсудили план реализации совместных научных проектов и исследований в рамках международной программы Horizon", - поделилась Л. Карабасова.

EXCHANGE OF SCIENTIFIC EXPERIENCE

Rector of Zhubanov University Laura Karabasova, as part of the visit of Prime Minister of the Republic of Kazakhstan Olzhas Bektenov to Azerbaijan, took part in a round table of university rectors and the exhibition "Study in Kazakhstan", which introduces the possibilities of higher education in the country.

This was announced by Laura Karabasova on her social page. "During the events, the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Sayasat Nurbek, signed an agreement with the Higher Attestation Commission under the President of Azerbaijan to approve a joint list of scientific publications. This opens up new opportunities for the exchange of scientific experience for scientists from the two countries.

As part of this decision, we have agreed with the rector of Baku State University, one of the leading universities in Azerbaijan, to mutually strengthen the editorial board of our scientific journals.

The issues of the program of academic mobility of students, exchange of teachers' experience, integration of Turkic studies and participation in joint expeditions in the field of archeology were also discussed.

In addition, we are considering the possibility of involving Azerbaijani scientists as foreign supervisors in dual degree programs at the master's level and PhD students' dissertations.

An important meeting was also held between our university and the Institute of Archaeology, Ethnography and Anthropology of the National Academy of Sciences of Azerbaijan, where we discussed the main areas of cooperation with the Director of the Institute, Farhad Guliyev.

In particular, the issues of organizing scientific internships for doctoral and undergraduates, conducting joint archaeological expeditions with students and scientists, supporting joint initiatives to study the heritage of the Huns and nomads of the Early Iron Age and studying the common history of the Turkic peoples were considered.

We also discussed with our partners a plan for the implementation of joint scientific projects and research within the framework of the international Horizon program," L. Karabasova shared.

**Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова**

Ұлттық құрылтай тақырыптары талданды

Білім экономикасының қозғаушы күштері — білім мен адами капитал. Мұндай экономиканың даму процесі адами капиталдың сапасын, адам өмірінің сапасын көтерумен және жоғары технологиялар мен инновацияларды қолдаумен тікелей байланысты.

Қоғамдағы түйткілді мәселелерді жүйелі түрде шешу үшін сарапшылар мен кәсіби мамандарды жұмылдырған Құрылтай алаңында Мемлекет басшысы білім экономикасын құрып, озық ойлы ұлт болуымызға бағыттайтын маңызды құндылықтарды анықтады. Ұлттық Құрылтайдың Атырауда өткен III отырысында Мемлекет басшысы өте жылдам өзгеріп жатқан қазіргі әлемде ұлттың бәсекеге қабілетті болуының басты шарты ретінде жасампаздық және жаңашылдық қасиеттеріне ерекше тоқталды. Жаңаша ойлау, креативтілік, білімпаздық білімге негізделген эконо-



мика заманының аса маңызды талаптары.

Президент осындай инновациялар экономикасының іргетасы, негізі ретінде білім мен ғылымға ерекше мән беріп келеді.

Ұлттық Құрылтайдың Бурабайда өткен IV отырысында Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздің жаһандық кеңістікте бәсекеге түсуге мүмкіндік беретін мықты тұстарымызға тоқталды. Атап айтқанда, озық ойлы ұлт ретінде мақсатымызға жетер жолымызда цифрландыру ісі мен жасанды интеллект, көлік тасымалы, энергетика, агроөнеркәсіп кешені және адами капитал басты назарда болуы тиіс.

Осы және өзге де Ұлттық құрылтайда көтерілген тақырыптарды "Ақтөбе Медиа" ЖШС медиалаңында мекеменің директоры, журналист Рауен Сағызбайұлы Отыншиннің модерациясымен өткен дөңгелек үстелде талқылады.

Дөңгелек үстелге профессор Алтай Тайжанов, Ақтөбе облысының бас имамы Амантай Сәдиев, Syrmak.kz брендінің иесі, дизайнер Инабат Ескендір т.б. қатысты. Әр спикер өзінің саласы бойынша эксперттік пікірімен бөлісіп, маңызды міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындау жолдарын ортаға салды.

Лаура Қарабасова
Zhubanov University ректоры,
Ұлттық құрылтай мүшесі



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана